

АДАМДЫ АДАММЕН ТЕҢЕСТІРЕТІН – БІЛІМ

«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деп М. Әуезов атап көрсеткеніндей, егемен елдің келешегі кемел білім мен ұлағатты тәрбиеге байланысты.

Баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар беру қажеттілігін әр мұғалім осыдан-ақ түсінуі керек. Ол үшін дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы, ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы, оқушымен жиі қарым-қатынаста болуы сияқты талаптарды орындайды. Ж. Руссо баланың өз бетінше білім-танымдық, шығармашылық әрекет идеясына үлкен мән берді. Руссо дидактикасында оқыту үрдісінде ең бірінші орынға танымдық қабілеттілікті, белсенділік пен өзбеттілік ұстанымдарның маңыздылығына көңіл бөлді. Міржақып Дулатов қазақ арасында көбіне көзге түспей, түссе де еленбей жүрген

ғылым-білімге, өнерге зерек, дарынды балаларды оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарына үңіледі. Ол «Туысында қанша зеректік болса да – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда көріп тұрғандай боласың...» деп қорытындылайды.

Бұл әңгімені неге айтып отыр десеніз, біз қара шаңырақтан түлеп ұшқан ұстаздармыз. Шәкірт тәрбиелеуде тәжірибе алмасып, дұрыс, бұрысын зерделеп, қарап жүрген түлектерміз. Маған қара шаңырақ ҚазҰУ көп нәрсені үйретті. Соның ең маңыздысы ол – адамгершілік. Бұл қасиетпен адам жанына біраз жақындарын жинай алады. Мен де сол жандардың бірімін.

**Ормантаев Оркен,
Юшков Александр**

БІЛІМДІНІҢ КҮНІ ЖАРЫҚ

Адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, рухани бай және ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат тәрбиелеу. Бұл біздің қоғам алдындағы борышымыз. Бүгінгі әлемдегі елдер мен халықтардың өзара тарихи байланысының дамуы, экономика, мәдениет пен ғылымның әлемдік деңгейге бет бұруы, ертеңгі күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білім мен тәрбиеге ғана тән.

«Бұрынғы заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инменен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», – деп атап өтті Елбасы.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір», – дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен немерелеріміз... балаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Еңдеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

Рахимов Адиль Серикович, Жалмұқаш Ұзағали Құмарұлы

ҰЛТЖАНДЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Бүгінгі жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүйуге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеуге бүгінгі педагогика ғылымдарының алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Сонымен қатар өз елінің рәміздерін, Ата заңын білуге, әрі құрметтеуге әрбір азамат міндетті. «Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлтжанды азамат болуы керек», – деп атап өткен болатын елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Sanaly Uraq» жобалық кеңсесінің алаңында білім және ғылым саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстардың 1-ші раундын іске асыру барысы талқыланды, сондай-ақ жоғары оқу орындарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологияларды енгізуді бағалау бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасының электрондық платформасы таныстырылды.

Аталған кеңеске Алматы қаласының жоғары оқу орындарының өкілдері, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» ҒЗИ сарапшылары қатысты.

«Sanaly Uraq» жобалық кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Токушев, агенттік біздің қоғам өмірінің барлық салаларында, соның ішінде жоғары оқу орындарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізіп жатқанын, талдау қорытындысы бойынша тиісті ұсыныстарды енгізетінін атап өтті.

Жоғары оқу орындарының өкілдері сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстардың орындалуы туралы есеп берді.

Қорытындылай келе, Алматы қаласы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің департамент басшысы Данияр Тамұрат, Агенттік әзірлеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстар жоғары оқу орындарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін және ашықтық пен айқындықты орнатуға бағытталғанын айтты.

Айта кету керек 2018 жылдың 16 қарашасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы Шпекбаев А.Ж., Алматы қаласының әкімі Байбек Б.Қ., Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Аймағамбетов А.Қ. және білім беру мекемелерінің басшыларының қатысуымен ҚР білім және ғылым саласына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстардың 1 кезеңімен таныстырған болатын.

Тлеугалиева Камила Маратқызы, Садуев Нуржан Орынбасарович

ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙҒАҒЫ



Кез келген егемен елдің рәмізі болатыны секілді өз валютасының болуы да заңды. Өйткені ұлттық валютаны жариялап, оны айналымға түсіру тәуелсіздіктің басты қадамдарының бірі еді. Ал, теңгенің айналымға түсуі Егеменді Қазақстанның қаржылай да тәуелсіз екенін тағы бір жария етуі болатын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультетінің т.ғ.к., доцент Г.Б.Қозғамбаеваның

ұйымдастыруымен Физика-техникалық факультетінің Физика мамандығының 1-курс студенттерімен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеге қатысты «Ұлттық теңге мәртебесі» атты ашық тәрбие сағаты 2019 жылы өткен болатын.

Президент Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып белгіленген. Тәуелсіз мемлекетіміздің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Соған орай физика-техникалық факультетінің 1-курс студенттерімен «Ұлттық теңге мәртебесі» деген тақырыпта ашық тәрбие сағаты өтті.

Ашық тәрбие сағатының мақсаты – тәуелсіз еліміздің айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып ерте ортағасырлардан бастап қазақ даласында сауда айналымында болған күмістен, алтыннан (дирхемдер) жасалған теңгенің даму тарихымен және бүгінгі ұлттық валютамыздың маңыздылығын кеңінен насихаттау.

«Физика мамандығының» 1-курс студенті Рүстем Аққұндыз тарихи мәліметтерге сүйене отырып «Ұлттық валюта – теңге тәуелсіздігіміздің тұмары» деген тақырыпта баяндама жасады. Студент баяндамасында қоғамның ілгері дамуы жолында оның ішкі сыртқы саясаты, экономикалық заңдарының тұрақты болып, әлемдік сауда-саттық жүйесімен байланысты болуы, сол қоғамның жоғары деңгейде көрсеткіші ретінде күмістен, мыстан соғылған теңгелердің рөлінің ерекшелігіне тоқталды.

Тәуелсіз Қазақстанда Ұлттық валютамыздың болуы Қазақстанның тәуелсіз республика екендігінің тағы да бір дәлелі болып табылады. Ұлттық теңгеміздің тарихын білу ол әр қазақстандық азаматқа тән, себебі теңге біздің қазіргі өміріміздің басты айналымы. Біздің ұлттық валютамыз тәуелсіздігіміздің нақты көзі, дербес ел болғанымыздың белгісі. Басқаның валютасына тәуелді болу – барлық байлығыңды біреудің билігіне берумен теңдей. Тәрбие сағатында студенттер өлең-шумақтарын оқып, ұлттық валютаның тарихына байланысты құрылған викториналық сұрақтарға жауап беріп, өн мен нақышына келтіріп домбырамен күй орындады. Ұлттық валюта – еліміздің даму көзі, әлемдік деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. Ол барлық уақытта тәуелсіздігімізді қамтамасыз етеді. Теңге тәуелсіздігіміздің тұмары.

Алтаева Динара, Демесбек Ақмарал, Сайдуллаева Г.Г